



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 13 қыркүйек

Қазақстан алтынның қоры бойынша әлемде 15-орында тұр

Қазақстан Ұлттық Банкі әлемдік нарықтарда отандық құймалардың танымалдылығын арттыру мақсатында жақын арада құймалардың аздаған көлемін – басым құқықты іске асыру шеңберінде жыл сайын сатып алынатын тазартылған алтын көлемінің 4%-на дейінгі көлемін шет елге сатуды жоспарлап отыр.

2018 жылдың басынан бері алтынның әлемдік биржалардағы баға белгіленімі шамамен 8%-ға түсті. АҚШ ФРЖ мөлшерлемелерінің өсуі және АҚШ экономикасы бойынша оң деректердің шығуы нәтижесінде АҚШ долларының нығаюы алтын бағасының төмендеуінің негізгі факторы болды.

Алайда бірқатар елдерге қарсы экономикалық санкциялардан және сауда шектеулерінен туындаған күрделі геосаяси ая нарықтардың өзгермелілігін арттырып, инвесторлардың неғұрлым қауіпсіз активтерді іздестіруіне ықпал етеді.

Экономикалық және саяси тұрақсыздық жағдайында валюта нарығындағы да, бағалы қағаздар нарығындағы да құбылмалылықтан қорғаныш ретінде алтын мен бағалы металдардың рөлі артады. Орталық банктер алтынының қорлары ұзақ мерзімді перспективада сақталу, өтімді болу және кірісті болу сипаттары бар сақтандыру активтері ретінде болады.


Әлемдік орталық банктердің алтынның нақты көлемдерін арттыруды тездету процесі дағдарыстан кейінгі 2009 жылы басталды. Соңғы 5 жылда алтынмен жинақталған резервтер көптеген дамушы елдерде байқалады. Осы кезеңде алтынды неғұрлым белсенді сатып алушылар Ресей, Түркия, Қытай және Қазақстан орталық банктері болды.

1-сурет. Алтынның нақты көлемінің соңғы 5 жылда өсуі



Дереккөзі: WCG

2-сурет. Алтынның нақты көлемінің соңғы 5 жылда өсуі




Дереккөзі: WCG

*Қытайдың 2015 жылы біржолғы жарияланған алтын сатып алуы 2009-2015жж. ішінде жүзеге асырылды

Алтынның нақты көлемінің 2011 – 2017 жылдар аралығындағы өсу қарқыны бойынша неғұрлым белсенді сатып алушылардың арасында Қазақстан көшбасшы болып отыр (салыстырмалы түрде ұлғаю). Алайда абсолюттік көрсеткіш бойынша осы кезеңде тазартылған алтынды Ресей (6 жылда +956 тонна) және Қытай (осындай кезеңде +789 тонна) барлығынан көп сатып алды, Қазақстан 2011 жылдан бері шамамен 219 тонна алтын сатып алды.

Орталық банктердің алтынмен көрсетілген активтерді сатып алу жөніндегі белсенді саясаты бірнеше себептерге байланысты.


3-сурет. Алтынның нақты көлемінің елдер бойынша өсімі (2011=100%)



Дереккөзі: WCG

Біріншіден, алтын елдің резервтерін әртараптандыруға себепші болады: алтын кірістілігінің валюта бағамдарының серпінімен, қор индекстерінің және МБҚ нарығының кірістілігімен онша байланыспайды. Осылайша, алтынмен көрсетілген активтер шетелдік валюталар мен бағалы қағаздарға балама бола алады, бұл ретте міндеттеме болып табылмайтындықтан, оның кредиттік тәуекелі нөлге тең.

4-сурет. Алтынның мен түрлі активтердің апталық кірістілігі (баға өзгерістері) арасындағы түзетулер (2011 жылдан басталған кезең)



Дереккөзі: Bloomberg

Екіншіден, алтын нарығы, тауар нарықтарының (мысалы, мұнай сияқты) сипаттамаларына ие бола отырып, жеткілікті түрде өтімді болып табылады. Қажет болған жағдайда бұл актив ЕАВ-ға конвертациялануы мүмкін.

Үшіншіден, алтын хедждің инфляцияға қатысты сипаттамасын білдіреді. Бұл ретте егер мемлекеттік борыштық бағалы қағаздарға инвестициялау күтілетін инфляциядан қорғайтын болса, онда ұзақ мерзімді перспективада алтын сатып алу қабілетінің көзделмеген құлдырауынан (инфляцияның күрт өзгеруі) қорғайды.

Басқа себептердің ішінен басым құқық шеңберінде алтынды сатып алу отандық өндірісті дамытуға ықпал ететіндігін, алтын өндіру және қайта өңдеу өнеркәсіптерінің дамуына үлес қосатындығын атап өтуге болады.

Сондай-ақ алтынмен көрсетілген активтер әлем нарығындағы геосаяси тәуекелдерден, валюталардың және валюталық режимдердің өзгеруінен қорғайды.

Қазақстан Ұлттық Банкі отандық өндірушілерден тазартылған алтынды сатып алуға берілген басым құқығын іске асырады. Алтынды сатып алудан туындайтын өтімділіктің ақша базасындағы үлесінің аздығына қарамастан, бұл елдің экономикалық белсенділігін ынталандыратын фактор болып табылады.

5-сурет. Алтынды сатып алу нәтижесіндегі қосымша өтімділіктің ақша массасындағы үлесі шамалы



Дереккөзі: Қазақстан Ұлттық Банкі

2018 жылдың басынан бері Қазақстан Ұлттық Банкі отандық өндірушілерден 33 тоннаға жуық тазартылған алтынды сатып алды.

Қазіргі кезде Қазақстан 2018 жылы Сауд Арабиясын басып озып, алтын қоры бойынша әлемде 15 орында тұр.

Орны	Ел:	тоннамен көлемі	резервтердің %-ы
1	АҚШ	8 133.50	73.75%
2	Германия	3 369.90	69.09%
3	ХВҚ	2 814.04	есептелмейді
4	Италия	2 451.84	65.82%
5	Франция	2 436.04	59.27%
6	Ресей	1 970.11	16.96%
7	Қытай	1 842.60	2.25%
8	Швейцария	1 040.00	5.08%
9	Жапония	765.21	2.39%
10	Нидерланд	612.50	66.31%
11	Үндістан	573.07	5.54%
12	ЕОБ	504.77	25.88%
13	Тайвань	423.63	3.50%
14	Португалия	382.51	64.19%
15	Қазақстан	326.45	42%
16	Сауд Арабиясы	323.07	2.45%
17	Ұлыбритания	310.29	7.85%

Алтын нарығы бойынша перспективалар мен болжамдар

2018 жылы алтын бағасының құбылмалығына әсер ете алатын факторлардың ішінде доллардың әлемдік нарықтардағы құнын, АҚШ-тың монетарлық саясатын, капитал нарықтарындағы ахуалды, әлемдік экономиканың жағдайын, сондай-ақ геосаяси тәуекелдерді атап өту қажет.

Шикізат талдаушыларының пікіріне сәйкес, алтынға болжамдар көп мөлшерде инвесторлардың АҚШ долларының құны бойынша күтулеріне байланысты болады. Кейбір бағалаулар бойынша қысқа мерзімді төмендеуден кейін алтынның бағасы өсуін жалғастырады.

АҚШ-тың Қытайға және басқа бірқатар елдерге қатысты сауда-саттық саясатына байланысты ағымдағы белгісіздіктерге орай өсудің қосымша әлеуеті бар, алайда тарихи тұрғыдан геосаяси тәуекелдердің экономика мен қаржы нарықтарына айтарлықтай ықпалы болмаған жағдайда, алтын бағасына ұзақ мерзімді әсерін тигізе алмайды.

АҚШ экономикасының өсуі, АҚШ-тың қазынашылық облигациялары кірістіліктерінің өсуі және Америка долларының нығаюы бағаларға одан әрі қысым көрсетуі мүмкін. Алайда, кейбір сарапшылардың пікірі бойынша алтын бағасының құлдырауы дамушы елдердің сатып алушылары тарапынан сұраныстың өсе бастауымен шектелуі мүмкін.

Жағымсыз сценарийде алтынның бағасы өндіріс құнымен шектелген. CPM Group және Julius Baer деректеріне сәйкес алтын өндірісінің құны 2000 жылдан бастап өсіп, 2012 жылы \$1200 болып жоғары шегіне жетті, 2016 жылы \$900-дан төмен құлдырап, қазіргі сәтте шамамен \$950 құрай отырып, қайтадан өсе бастады.

Bloomberg ақпараттық материалдарының деректері бойынша талдаушылардың 2018 - 2022 жылдарға арналған консенсус-болжамы былайша көрсетілген:

Болжам	2018	2019	2020	2021	2022
Медиана	1280	1276	1275	1305	1251
Ең жоғары болжам	1332	1425	1350	1400	1300
Ең төмен болжам	1230	1044	1025	1250	1250

Орташа алғанда, талдаушылар алдағы жылдары металл бағасының қалыпты өсуін күтеді. Сондай-ақ, жоғарыда сипатталған факторлардың бірігуі едәуір құбылмалылыққа әкелуі мүмкін.

Қазақстан Ұлттық Банкінің алтын портфелі 2018 жылғы 10 қыркүйектегі жағдай бойынша 333 тоннаны немесе \$12,8 млрд баламасын құрайды.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz